

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасында Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қытай Халық Республикасының Үкіметіне ізгілік көмек беруі туралы хат алмасу нысанында келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 қарашадағы N 1107 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қытай Халық Республикасының Үкіметіне ізгілік көмек беруі туралы хат алмасу нысанындағы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Жақсылық Ақмырзаұлы Досқалиевке Келісімнің жобасына қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасында Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қытай Халық Республикасының Үкіметіне ізгілік көмек беруі туралы хат алмасу нысанында келісім жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

Қытай Халық Республикасының
К о м м е р ц и я м и н и с т р і
Лю Фуянь мырзаға

Ж о ғ а р ы м ә р т е б е л і м ,

Осымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Тараптардың достық келіссөздер нәтижесінде мына төмендегілер туралы уағдаласқанын хабарлау мәртебесіне ие болып отырмын:

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қытай Халық Республикасының Үкіметіне 80 мың АҚШ доллары сомасында дәрілік заттар мен медициналық жабдықтар сатып алу нысанында ізгілік көмек көрсетеді.

Егер Сіз жоғарыда баяндалғандарды жауап хатыңызбен растайтын болсаңыз, онда осы хат пен Сіздің жауап хатыңыз Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қытай Халық Республикасының Үкіметіне ізгілік көмек беруі туралы келісім болып саналады, ол осы Келісімнің күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағандығы туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне

е н е д і .

Жағдайды пайдалана отырып, өзімнің Сізге деген жоғары құрметімді тағы да білдіремін.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
Ж . Досқалиев мырза

Астана қаласы 2003 жылғы " ___ " _____

жоба

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
Ж. Досқалиев мырзаға

Ж о ғ а р ы м ә р т е б е л і м ,

Осымен Сіздің 2003 жылғы " ___ " _____ мынадай мазмұндағы хатыңызды алғанымды хабарлау мәртебесіне ие болып отырмын:

"Осымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Тараптардың достық келіссөздер нәтижесінде мына төмендегілер туралы уағдаласқанын хабарлау мәртебесіне ие болып отырмын:

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қытай Халық Республикасының Үкіметіне 80 мың АҚШ доллары сомасында дәрілік заттар мен медициналық жабдықтар сатып алу нысанында ізгілік көмек көрсетеді.

Егер Сіз жоғарыда баяндалғандарды жауап хатыңызбен растайтын болсаңыз, онда осы хат пен Сіздің жауап хатыңыз Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қытай Халық Республикасының Үкіметіне ізгілік көмек беруі туралы келісім болып саналады, ол осы Келісімнің күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағандығы туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне е н е д і " .

Осымен Қытай Халық Республикасының Үкіметі атынан жоғарыда баяндалғандармен келісетінімді және осы жауап хат пен Сіздің хатыңыз Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қытай Халық Республикасының Үкіметіне ізгілік көмек беруі туралы келісім болып саналатынын, ол осы Келісімнің күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағандығы туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне енетінін растау мәртебесіне ие болып отырмын.

Жағдайды пайдалана отырып өзімнің, Сізге деген жоғары құрметімді тағы да білдіремін.

Қытай Халық Республикасының
Коммерция министрі

Л ю

Ф у ю а н ь

м ы р з а

2003 жылғы " ____ " _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ